



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№33 (5194)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

14

тамыз (жұма)
августа (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник

ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай Өтеген батыр ауылындағы Арбатта «Жастар – жарқын болашақтың бастауы» атты мерекелік іс-шара өтті. Жастардың басын қосқан кеш көтеріңкі көңіл күйге, әсем ән мен биге, қызықты ойындар мен ерекше әсерге толы болды.

пен қолдау көрсетіп, қошемет білдірді.

Әуезді ән мен әсерлі биден кейін ортада жастар үшін би алаңы ұйымдастырылып, мерекелік көңіл-күй одан әрі жалғасын тапты. Жастардың еркін билеп, достарымен бірге көңілді уақыт өткізуі кештің шырайын аша түсті.

Кештің келесі бөлімі ерекше қы-



Мерекелік шара барысында жастарға арналған робототехника жәрмеңкесі ұйымдастырылып, заманауи технологияға қызығушылық танытқан қатысушыларға түрлі жобалар таныстырылды. Бұл – жастардың тек өнер мен спортта ғана емес, ғылым мен жаңа технология саласында да белсенді екенін көрсеткен мазмұнды алаң болды.

Шараның шымылдығы жастарға арналған жүрекжарды құттықтау сөзбен ашылды. Жастардың қоғамдағы орны мен ел болашағына қосып жүрген үлесі атап өтіліп, барша жас буынға сәттілік, шығармашылық ізденіс пен жаңа жетістіктер тілегі білдірілді.

Кештің маңызды бөлігінің бірі – белсенді жастарды марапаттау рәсімі болды. Қоғамдық жұмыстарға, волонтерлік қызметке, мәдениетке, спортқа, білім мен шығармашылыққа белсене араласып жүрген жастарға алғыс білдіріліп, арнайы марапаттар табысталды. Бұл – еңбегімен ерекшеленген жастарға көрсетілген құрметтің жарқын көрінісі.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахна төрінде «Глория» және «Зара Грация» би тобы өнер көрсетіп, көрерменге әсем би сыйлады. Сонымен қатар жас өнерпаз Болатқызы Раяна ән шырқап, консерватория түлегі Бақытжан Қияш әннен шашу шашты. Өнерпаздардың әрбір өнеріне көрермендер ыстық ықылас-

зығушылыққа ие болған көңілді интерактивке ұласты. Жастарға кино әлеміне қатысты қызықты сұрақтар қойылып, жылдам әрі дұрыс жауап берген қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталды. Қатысушылардың белсенділігі мен тапқырлығы ойынның көркін қыздырып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кештің шарықтау шегі – «Jastar Cinema Fest» ашық аспан астындағы кино көрсетілімі болды. Жазғы кештің жайлы атмосферасында жиналған жастар достарымен бірге фильм тамашалап, попкорн мен сусындардан дәм татты. Арнайы ұйымдастырылған фотоаймақ та жастардың есте қаларлық сәттерін суретке түсіруге мүмкіндік берді.

Кино көрсетілімі арқылы мерекелік кештің мазмұны одан әрі түрленіп, жастарға еркін форматта демалып, жақсы көңіл күймен уақыт өткізуге мүмкіндік жасалды.

12 тамыз – Халықаралық жастар күні – жастардың күш-жігерін, шығармашылығын, жаңашылдығы мен белсенділігін дәріптейтін маңызды күн.

Бүгінгі жас – елдің ертеңі ғана емес, қоғамның қазіргі дамуына өз үлесін қосып келе жатқан белсенді буын.

Жастардың арманы асқақ, мақсаты айқын, болашағы жарқын болсын! 12 тамыз – Халықаралық жастар күні құтты болсын!

К. ДАУТҚАН

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

2026 жылғы 7-8 тамыз аралығында Іле ауданындағы Боралдай кенті және Ащыбұлақ ауылдық округінде «Заң мен тәртіп» қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Іс-шараға Іле аудандық полиция басқармасының жеке құрамы жұмылдырылды. Негізгі мақсат – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, олардың жолын кесу және азаматтардың заң талаптарын сақтауына бақылау жүргізу.

маттардың тұрғылықты мекенжайлары бойынша тексеру жұмыстары ұйымдастырылды.

Мотоцикл және мопед жүргізушілеріне де ерекше назар аударылды. Көлік құралдарын басқаруға қажетті құжаттардың болуы, техникалық талаптардың сақталуы және жол қозғалысы ережелерінің орындалуы тексерілді. Тиісті құжаттары жоқ көлік құралдарын басқарған жүргізушілерге қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, көліктер арнайы айыппұл тұрағына қойылды.

Жалпы, профилактикалық іс-шара-

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ



Профилактикалық жұмыстар барысында аталған ауылдық округтер аумағында 490 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Іс-шара аясында түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүрген көмелетке толмағандар анықталып, олардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар профилактикалық есепте тұрған аза-

лар нәтижесінде 35 мотокөлік арнайы айыппұл тұрағына орналастырылды.

«Заң мен тәртіп» қағидаты – қауіпсіз әрі тұрақты қоғам қалыптастырудың маңызды негізі. Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да Іле ауданының аумағында жүйелі түрде жалғасын табады.

Карима МЕЙРАМБЕК

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ТАЗА АУЛА – ТАЗА АУАНЫҢ КЕПІЛІ

Іле ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясындағы санитарлық тазалық жұмыстары үздіксіз жалғасып жатыр. Кезекті сенбілік қарсаңында Іле ауданы әкімдігі аппаратының басшысы Данияр Сарымбеков тұрғындарды экологиялық бастамаға белсенді қатысуға шақырды.

Оның айтуынша, қоршаған ортаның тазалығы – тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Сондықтан туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу – азаматтық мәдениеттің маңызды көрсеткіші.

– Таза аудан – әрқайсымыздың күнделікті әрекетімізден басталады. Бір тал отырғызу, өз аулаңды таза ұстау немесе көше бойындағы қоқысты жинау – туған жерге деген жанашырлықтың нақты көрінісі. Барша аудан тұрғындарыма кезекті сенбілікке қатысып, Іле ауданын бірге таза әрі көрікті етуге шақырамын, – деді Данияр Сарымбеков.

Айта кетейік, биыл Іле ауданында «Таза Қазақстан» акциясы аясында 23 санитарлық тазалық сенбілігі өткізілді. Экологиялық іс-шараларға мемлекеттік мекемелердің қы-

зметкерлері, кәсіпорындар, еріктілер мен аудан тұрғындарын қоса алғанда 54 355 адам қатысты. Сенбіліктерге 507 арнайы техника жұмылдырылып, 1 518,8 тонна қоқыс шығарылды. Сонымен қатар аудан аумағында 25 773 ағаш отырғызылып, көшелер, саябақтар, арық жүйелері, жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық орындар тазартылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Бұдан бөлек, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының мәліметіне сәйкес, Іле ауданында анықталған 23 заңсыз қоқыс орнының барлығы толық жойылды. Ал акция аясында атқарылған жұмыстар туралы әлеуметтік желілерде 1 683 ақпараттық материал жарияланып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы ақпараттық жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» акциясының негізгі мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстау мәдениетін қалыптастыру, тұрғындардың экологиялық жауапкершілігін арттыру және елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту.

Б. ТОҚАН